



**Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және
Өзбекстан Республикасы арасындағы терроризмге, саяси және діни экстремизмге,
ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа және Тараптардың тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне
өзге де қауіп-қатер төндіруге қарсы күрес жөніндегі бірлескен іс-қимыл туралы шартты
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 9 қараша N 97-ІІ

Ташкентте 2000 жылғы 21 сәуірде жасалған Қазақстан Республикасы,
Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы
арасындағы терроризмге, саяси және діни экстремизмге, ұлтаралық ұйымдасқан
қылмысқа және Тараптардың тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне өзге де
қауіп-қатер төндіруге қарсы күрес жөніндегі бірлескен іс-қимыл туралы шарт
бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы
және Өзбекстан Республикасы арасындағы Терроризмге, саяси және діни
экстремизмге, ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа және Тараптардың
тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне өзге де қауіп-қатер төндіруге қарсы
күрес жөніндегі бірлескен іс-қимыл туралы
ШАРТ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы,
Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы,

барлық мемлекеттердің бейбіт өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін, адам
құқығын, қоғамның негізгі бостандықтары мен демократиялық негіздерін бұзуға әкеп
соғатын терроризмнің, экстремизмнің және ұлтаралық ұйымдасқан қылмыстың барлық
нысандары мен көріністері ауқымының ұлғаюына және олардың даму үрдістеріне
алаңдаушылық білдіре отырып,

азаматтардың өміріне, құқықтары мен заңды мүдделеріне, өз мемлекеттерінің егемендігі мен аумақтық тұтастығына қылмыстық қол сұғушылықтан сенімді түрде қорғауды қамтамасыз ету талабын негізге ала отырып,

мемлекеттердің қауіпсіздігіне қарсы зиянкестік әрекеттерге, әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік және діни алауыздықты қоздыру, саяси және діни экстремизм әрекеттеріне қарсы бірлесіп іс-қимыл жасауға тілек білдіре отырып,

халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға, мемлекеттер арасындағы ізгі көршілік пен достық қатынастарды, ынтымақтастықты дамытуға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаттарына өздерінің адалдықтарын қуаттай отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Жалпы ережелер

1. Тараптар саяси, идеологиялық, нәсілдік, этникалық, діни немесе кез келген басқа да сипаттағы пайымдаулар бойынша ақталуы ешқандай мүмкін емес терроризмді, саяси және діни экстремизмді сөзсіз айыптайды.

2. Тараптар террористерге, экстремистерге баспана немесе жеңілдіктер беруден бас тартатындықтарын қуаттайды, сондай-ақ оларды қылмыстық жауапкершілікке тартуға және осы мақсат үшін ұстап беру туралы халықаралық шарттардың негізінде мүдделі мемлекетке ұстап беруге ұмтылатын болады.

2-бап

Ынтымақтастық саласы

1. Тараптар осы Шарттың ережелеріне сәйкес және ұлттық заңдар, сондай-ақ халықаралық міндеттемелер сақталған жағдайда өздерінің орталық құзыретті органдары арқылы терроризмге, саяси және діни экстремизмге, ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресте ынтымақтасады.

2. Тараптар қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және ұстап беру мәселелері бойынша ынтымақтасатын болады.

3-бап

Орталық құзыретті органдар

1. Тараптардың әрқайсысы осы Шарт бойынша өздерінің құзыретті органдарының тізбесін белгілейді және оны Шарттың күшіне енген күнінен бастап бір ай ішінде депозитарийге жолдайды, депозитарий аталған тізбені басқа Тараптарға жібереді.

Тараптар өздерінің құзыретті органдарының тізбесіне енгізілген өзгерістер туралы депозитарийге кідіріссіз хабарлайды.

2. Осы Шартты орындау мақсатында Тараптардың орталық құзыретті органдары бір-бірімен тікелей ынтымақтасады.

4-бап

Бірлескен шаралар

1. Тараптар терроризмге, саяси және діни экстремизмге, конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге немесе аумақтық тұтастықты бұзуға бағытталған іс-қимылдарға, ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың, қару мен оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың және қопарғыш құрылғылардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жүргізу жөнінде өзара келісілген күш-жігер жұмсайтын болады.

2. Тараптар өздерінің қауіпсіздігіне, сондай-ақ Тараптар азаматтарының өміріне, құқықтары мен заңды мүдделеріне қауіп төндіретін аталған құбылыстармен күресте өздерінің орталық құзыретті органдарының тиімді ынтымақтастығын арттыруға шаралар қабылдайтын болады.

5-бап

Ынтымақтастықтың құқықтық негізін кеңейту

Тараптар осы Шарттың шеңберінде ынтымақтастықты құқықтық реттеуді жетілдіруге, терроризмнің және экстремизмнің, ұлтаралық ұйымдасқан қылмыстың кез келген көріністеріне қарсы іс-қимыл жүргізу мақсатында ұлттық заңдарының нормаларын жақындастыруға ұмтылатын болады.

Осы мақсаттарда Тараптар тұрақты негізде консультациялар өткізеді, осы Шарттың ережелерін орындау мақсатында қабылданған нормативтік-құқықтық актілерді алмасуды жүзеге асырады.

6-бап

Ынтымақтастық бағыттары

1. Тараптар осы Шарттың 4-бабының ережелерін назарға ала отырып және өздерінің заңдарына сәйкес мынадай қылмысты әрекеттерден сақтандыруда, оларды анықтауда, жолын кесуде, ашуда және тергеуде ынтымақтасатын болады, олар:

- терроризм, кепілдікке тұтқындар ұстау, бүлік салу, ұйымдасқан қылмыс және қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғушылықтың басқа да қауіпті түрлері;
- әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік және діни араздықты қоздыру;

- саяси және діни экстремизм актілері;
- террористер мен экстремистерді даярлау жөніндегі орталықтарды ұйымдастыру және олардың жұмыс жасауы;
- қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың және қопарғыш құрылғылардың, радиоактивті материалдардың заңсыз айналымы;
- есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымы;
- контрабанда, кеден және салық заңдарын бұзу;
- заңсыз көші-қон;
- автокөлік құралдарымен заңсыз операциялар жасау;
- экономика саласындағы қылмыстар, заңсыз қаржылық операциялар;
- жалған төлқұжаттарды және тұлғаны куәландыратын өзге де құжаттарды, бағалы қағаздар мен ақша белгілерін, сондай-ақ оларды дайындауға арналған техникалық құралдарды дайындау және тарату;
- алдын алу үшін Тараптардың ынтымақтастығы талап етілетін ұлтаралық ұйымдасқан қылмыстың басқа да нысандары.

2. Тараптар ұлттық заңдарына сәйкес мынадай бағыттар бойынша да өзара іс-қимыл жасайтын болады, олар:

- Тараптардың аумақтары террористік базалар, оқу лагерлерін құру үшін немесе басқа мемлекеттер мен олардың азаматтарына қарсы бағытталған террористік актілерді әзірлеу мен ұйымдастыру үшін пайдаланылмауын қамтамасыз ету жөнінде практикалық шаралар қабылдау;
- террористік және экстремистік сипаттағы өзге де ұйымдардың қызметіне қатысу үшін адамдар жалдауға, сондай-ақ осындай ұйымдардың қызметіне материалдық көмек көрсетуге қарсы күрес;
- әуежайлардың, темір жол станцияларының, метрополитендердің, ядролық, химиялық және жоғары талап қойылатын технологиялық әрі экологиялық қауіп бар өзге де объектілердің, қалалар мен өзге де елді мекендердің тіршілік-тынысын қамтамасыз ететін жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы 1970 жылғы 16 желтоқсандағы конвенцияның және Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге қарсы күрес туралы 1971 жылғы 23 қыркүйектегі конвенцияның ережелеріне сәйкес азаматтық авиация қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- бағалы және арнайы жүктерді алып жүру және қорғау;
- санамаланған бағыттар бойынша бірлескен оқуларды өткізу.

7-бап

Ынтымақтастық нысандары

1. Осы Шарттың ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар ынтымақтастықты, атап айтқанда, мынадай нысандарда жүзеге асыратын болады:

- дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар мен оларға қатысты тұлғалар және ұйымдар туралы өзара мүдделілік білдірілетін ақпарат алмасу;
- қарулы күштердің контингенттерін, Тараптардың құқық қорғау органдарының арнайы бөлімшелерін тарта отырып (пайдаланып), бірлескен арнайы операцияларды (іс-шараларды) жүзеге асыру;
- бірлескен жедел іздестіру іс-шараларын және тергеу іс-қимылдарын жүргізу;
- бірлескен іздестіру іс-шаралары және тергеу іс-қимылдары туралы сұрау салуларды орындау;
- қылмысына қатысты іздестіруден немесе жазасын өтеуден жасырынып жүрген тұлғаларды іздестіру;
- нөмірлері немесе арнайы ерекшелік белгілері бар ұрланған заттарды, оның ішінде автокөлікті және атыс қаруын, сондай-ақ нөмірленген құнды қағаздарды, тұлғаны куәландыратын паспорттарды және басқа да құжаттарды іздестіру;
- заңсыз айналымда пайда болған есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың жаңа түрлері, оларды дайындаудың технологиялары мен осы орайда пайдаланылатын заттар туралы, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды зерттеудің және теңестірудің жаңа әдістері туралы, сондай-ақ оларды заңсыз дайындаумен және таратумен айналысатын тұлғалар туралы ақпарат алмасу;
- осы Шарттың 6-бабының 1-тармағында көрсетілген ұйымдасқан топтар жасаған қылмыстардың ерекшеліктері, сондай-ақ осындай топтардың құрамы, құрылымы, қызмет салалары және қылмыстық байланыстары туралы ақпарат алмасу;
- террористік қызметтің нысандары мен әдістері, анықталған террористік топтардың құрылымы мен құрамы, олар пайдаланатын техникалық құралдар, сондай-ақ дайындалып жатқан немесе жасалған террористік актілер және оларға қатысы бар тұлғалар туралы ақпарат алмасу.

2. Ынтымақтастықтың ауқымы және нақтылы нысандары қажеттілікті, сондай-ақ маңызы бар басқа да жағдайларды ескере отырып, Тараптардың орталық құзыретті органдарының уағдаластығы бойынша белгіленеді.

8-бап

Бірлескен арнайы операциялар (іс-шаралар)

1. Тараптар өз аумақтарында Тараптардың қарулы күштерінің контингенттерін, құқық қорғау органдарының арнайы бөлімшелерін тарта отырып (пайдаланып), бірлескен арнайы операцияларды (іс-шараларды) және қылмыстық, террористік топтарды бейтараптандыру және жою жөніндегі оперативтік іздестіру шараларын,

қылмыстардың жолын кесуді, оларды ашуды және тергеуді, қылмыстар жасады деп күдік тудыратын адамдарды ұстауды, қылмыскерлерді іздестіруді орталық құзыретті органдарының жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

2. Тараптардың бірінің орталық құзыретті органдарының өкілдері тиісті сұрау салулардың негізінде және рұқсат алғаннан кейін Тараптардың қарулы күштерінің контингенттерін, құқық қорғау органдарының арнайы бөлімшелерін тарта отырып (пайдаланып) арнайы операцияларды (іс-шараларды) және жедел іздестіру іс-шараларын, сондай-ақ тергеу іс-қимылдарын жүргізу кезінде қызмет бабындағы тапсырмаларын орындау үшін екінші Тараптың аумағына іссапарға жіберілуі мүмкін. Іссапарға жіберілген қызметкерлердің өздеріне жүктелген міндеттерді орындауына, іссапарда болуына байланысты өзге де мәселелерді шешуде қажетті жәрдем көрсетіледі.

9-бап

Бірлескен арнайы операцияларды (іс-шараларды) жүзеге асырудың тәртібі

1. Тараптардың қарулы күштерінің контингенттері, құқық қорғау органдарының арнайы бөлімшелері тартылатын (пайдаланылатын) арнайы операцияларды (іс-шараларды) және жедел іздестіру іс-шараларын қабылдаушы Тараптың өтініші негізінде олар өткізілетін аумақтағы Тарап заңдарының талаптарын сақтай отырып және оның орталық құзыретті органдарының қатысуымен сондай-ақ бақылауымен Тараптардың орталық құзыретті органдарының қызметкерлері жүзеге асырады.

2. Тараптардың бірінің аумағында Тараптардың қарулы күштерінің контингенттерін, құқық қорғау органдарының арнайы бөлімшелерін тарта отырып (пайдаланып) арнайы операцияларды (іс-шараларды) және жедел іздестіру іс-шараларын жүзеге асыру үшін ұрыс техникасы, атыс қаруы, оның оқ-дәрілері, арнайы құралдар мен байланыс құралдары, материалдық құралдар әкелінуі мүмкін.

3. Екінші Тараптың аумағында Тараптардың қарулы күштерінің контингенттерін, құқық қорғау органдарының арнайы бөлімшелерін тарта отырып (пайдаланып) арнайы операцияларды (іс-шараларды) және жедел іздестіру іс-шараларын жүзеге асыруға қатысатын Тараптардың бірінің орталық құзыретті органдарының өкілдері жіберетін Тараптың орталық құзыретті органы куәландырған арнайы атаулы тізімдерді көрсете отырып, жеке басын куәландыратын ұлттық төлқұжаттарымен өзге де құжаттары бойынша мемлекеттік шекара арқылы өткізіледі.

Екінші Тараптың аумағында Тараптардың қарулы күштерінің контингенттерін, құқық қорғау органдарының арнайы бөлімшелерін тарта отырып (пайдаланып) арнайы операцияларды (іс-шараларды) және жедел іздестіру іс-шараларын жүзеге асыруға қатысатын Тараптардың бірінің орталық құзыретті органдарының өкілдері

қабылдаушы Тараптың аумағында болған уақытысында осы мемлекеттің заңдарын сақтауға міндетті. Жіберетін Тараптың орталық құзыретті органдары өкілдерінің құрамына кіретін қарулы күштердің және құқық қорғау органдарының арнайы бөлімшелерінің қызметкерлеріне жіберетін Тараптың әскери қызметкерінің мәртебесін реттейтін заңдарының күші қолданылады.

4. Ұрыс техникасы, атыс қаруы, оның оқ-дәрілері, арнайы құралдар мен байланыс құралдары, материалдық құралдар жіберетін Тараптың құзыретті органы куәландырған олардың номенклатурасы мен саны көрсетіліп, кеден бажы, алымдар мен салықтар алынбастан арнайы тізбелер бойынша мемлекеттік шекара арқылы өткізіледі.

Ұрыс техникасын, атыс қаруын, оның қару-жарағын, арнайы құралдары мен байланыс құралдарын, материалдық құралдарды кедендік ресімдеу жіберетін Тараптың құзыретті органы куәландырған арнайы тізбелердің негізінде қабылдаушы Тараптың ұлттық заңдарына сәйкес жеңілдетілген түрде және басымдық берілетін тәртіппен жүргізіледі.

Әкелінген ұрыс техникасы, атыс қаруы, оның оқ-дәрілері, арнайы құралдар және байланыс құралдары, материалдық құралдар міндетті түрде қайта әкетілуі тиіс. Қайта әкету оларды жіберетін Тараптың аумағынан шығарған кезде және қабылдаушы Тараптың аумағына әкелген кезде шекаралық және кедендік органдар куәландырған аталған арнайы тізбелердің негізінде жүзеге асырылады. Ұрыс техникасының, атыс қаруының, оның оқ-дәрілерінің, арнайы құралдар мен байланыс құралдарының, материалдық құралдардың пайдаланылуы (шығысы) жіберетін және қабылдайтын Тараптардың орталық құзыретті органдарының өкілдері ресімдейтін тиісті құжаттармен куәландырылады. Тараптардың қарулы күштерінің контингентін, құқық қорғау органдарының арнайы бөлімшелерін тарта отырып (пайдаланып), арнайы операциялардың (іс-шаралардың) және жедел іздестіру іс-шараларының барысында алынған ұрыс техникасы, атыс қаруы, оның оқ-дәрілері, арнайы құралдар және байланыс құралдары, материалдық құралдар қабылдаушы Тараптың иелігінде қалады.

5. Қабылдаушы Тараптың аумағында зардап шегушілерге жедел медициналық көмек көрсету қажеттігі кезінде жіберуші Тараптың орталық құзыретті органы куәландырған, олардың номенклатурасы мен саны көрсетілген арнайы тізбе бойынша мемлекеттік шекара арқылы өткізілетін құрамында есірткі заттары бар медициналық дәрі-дәрмектердің қажетті мөлшері шеттен әкелінуі мүмкін.

Құрамында есірткі заттары бар пайдаланылмаған медициналық дәрі-дәрмектер осы дәрі-дәрмектердің номенклатурасы мен санын растайтын тиісті тізбелер негізінде қабылдаушы Тараптың кедендік бақылауымен міндетті түрде қайта әкетілуге жатады. Құрамында есірткі заттары бар шығындалған медициналық дәрі-дәрмектерге қабылдаушы Тараптың кеден органы жіберуші және қабылдаушы Тараптардың орталық құзыретті органдарының өкілдері қол қойған, олардың пайдаланылғандығы туралы акті толтырады.

6. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген іс-шаралар, олар аумағында жүзеге асырылатын қабылдаушы Тарап бұл туралы талап қойысымен тоқтатылады.

10-бап

Жәрдем көрсету туралы сұрау салу және оны жіберудің тәртібі

1. Осы Шарттың шеңберіндегі ынтымақтастық Тараптардың орталық құзыретті органдарының жәрдем көрсету туралы сұрау салуларының негізінде жүзеге асырылады.

Жәрдем көрсету туралы сұрау салуға сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органы басшысының немесе оның орынбасарының қолы қойылуы, сондай-ақ осы орталық құзыретті органның елтаңбалық мөрімен бекітілуі тиіс.

Мұндай сұрау салуларды Тараптардың орталық құзыретті органдары бір-біріне тікелей немесе дипломатиялық арналар бойынша, оның ішінде электрлік байланыс құралдарымен жіберуі мүмкін.

2. Жәрдем көрсету туралы сұрау салу жазбаша түрде жіберіледі және сұрау салуда көрсетілген мерзімде орындалады. Жәрдем көрсету туралы сұрау салудың түпнұсқалығына немесе мазмұнына күмән туындаған кезде оны растау туралы сұрау салынуы мүмкін.

3. Жәрдем көрсету туралы сұрау салуда:

а) жәрдем туралы сұрау салушы орталық құзыретті органның, және сұрау салу бағытталған органның атаулары;

б) істің мәнінің баяндалуы;

в) іске қатысы бар адамдардың аты-жөні, лақап аттары, азаматтығы, олардың туған күндері және жерлері, айналысатын ісі, тұрғылықты жері немесе қазіргі тұрып жатқан жері; іске қатысы бар заңды тұлғалардың, мекемелер мен ұйымдардың атаулары мен орналасқан жерлері;

г) әрекетті немесе оқиғаны сипаттау, қылмыстық іс бойынша сұрау салушы Тараптың заңдарына сәйкес әрекеттің саралануы және қолданылатын заңның мәтіні;

д) сұрау салуды орындау кезінде ұстану қажет ерекше тәртіпті сипаттау және осы қажеттіліктің негіздемесі;

е) сұрау салу мақсаттарының көрсетілуі мен негіздемесі;

ж) жауап алынуы қажет сұрақтардың тізбесі;

з) сұрау салудың орындалу мерзімдері;

и) жеке құрамның, ұрыс техникасының, атыс қаруының, оның оқ-дәрілерінің, арнайы құралдардың және байланыс құралдарының, материалдық құралдардың, құрамында есірткі заттары бар медициналық дәрі-дәрмектердің бағдарланған мөлшері болуы тиіс.

4. Сұрау салуда сондай-ақ сұрау салудың орындалуын жеңілдету үшін пайдалы

болуы мүмкін кез келген басқа ақпарат та болуы тиіс.

5. Осы Шарттың шеңберіндегі ақпаратты, егер ол басқа Тараптар үшін мүдделілік туғызады деп есептейтіндей негіз бар болса, орталық құзыретті органдар бір біріне сұрау салусыз-ақ жеке бастамалары бойынша жіберетін болады.

11-бап

Жәрдем көрсету туралы сұрау салудың орындалу тәртібі

1. Егер сұрау салуды орындау сұрау салуды алған органның құзыретіне жатпайтын болса, осы орган оны кідіріссіз өз мемлекетінің тиісті орталық құзыретті органына береді және бұл туралы сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органына хабарлайды.

2. Сұрау салынған Тараптың орталық құзыретті органы қажет болған жағдайда, оның ойынша, сұрау салуды орындау үшін қажетті қосымша мәліметтерді сұратуға құқылы.

3. Сұрау салынған Тараптың орталық құзыретті органы сұрау салудың жылдам, мүмкіндігінше неғұрлым толық және сапалы орындалуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Сұрау салуды орындауға кедергі болатын немесе елеулі түрде кідіртетін жағдайлар бар болған кезде бұл туралы сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органы кідіріссіз хабарланады.

4. Сұрау салуды орындау кезінде сұрау салынған Тараптың заңдары қолданылады, бірақ егер бұл сұрау салынған Тараптың заңдарына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы келмейтін болса, сұрау салушы Тараптың өтініші бойынша оның заңдары қолданылуы мүмкін.

5. Сұрау салынған Тараптың орталық құзыретті органы сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органының өтініші бар болған жағдайда оны сұрау салудың орындалу барысы туралы хабардар етеді.

6. Сұрау салынған Тараптың орталық құзыретті органы мүмкіндігінше неғұрлым қысқа мерзімде сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органын сұрау салудың орындалуының нәтижелері туралы хабардар етеді.

7. Тараптардың орталық құзыретті органдары өз мемлекеттерінің заңдарына сәйкес және өздерінің құзыреттері шегінде бір-біріне жәрдем көрсетеді.

12-бап

Жәрдем көрсету туралы сұрау салуды орындаудан бас тарту үшін негіздер

1. Егер сұрау салуды орындау сұрау салынған Тараптың ұлттық қауіпсіздігіне және басқа да мүдделеріне нұқсан келтіретін болса не ұлттық заңдарына немесе

халықаралық міндеттемелеріне қайшы келетін болса, осы Шарттың шеңберінде жәрдем көрсетуден толық немесе ішінара бас тартылуы мүмкін.

2. Сұрау салуды орындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органы бұл туралы бас тартудың себептері көрсетіліп, жазбаша хабарланады.

13-бап

Құпиялылықты сақтау және ақпаратты пайдалану

1. Осы Шарт шеңберінде алынған ақпарат, егер ол жабық сипатта болса немесе беруші Тарап оны жариялауды қажетсіз деп есептесе, Тараптар ұлттық заңдарға сәйкес оның құпиялылығын қамтамасыз етеді.

Бұл ережелер осы Шарттың шеңберінде берілетін техникалық құралдарға, жабдықтар мен материалдарға да қолданылады.

2. Әрбір Тарап екінші Тараптың жәрдем туралы сұрау салуы болған жағдайда, сұрау салудың және оның мазмұнының құпиялылығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолданады. Сұрау салынған Тарап сұрау салуды оның құпиялылығын сақтай отырып орындау мүмкін емес жағдайда, бұл туралы сұрау салушы Тарапты хабардар етеді, соңғысы мұндай шарттармен сұрау салуды орындау қажеттігін шешеді.

3. Тараптар осы Шарт шеңберінде алынған ақпараттарға, техникалық құралдарға, жабдықтарға және материалдарға оларды ұсынып отырған Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші Тараптың қол жеткізуіне жол бермейді. Бұл ереженің, атап айтқанда, Тараптар белгілеген мұрағаттау мен жариялау тәртібі үшін де күші болады.

4. Осы Шарт шеңберінде алынған ақпарат, техникалық құралдар, жабдықтар мен материалдар келісілген мақсаттар үшін ғана пайдаланылуы тиіс.

5. Құпия ақпаратқа, техникалық құралдарға, жабдықтар мен материалдарға рұқсатнама осыған уәкілетті тұлғаларға ғана берілуі тиіс.

6. Осы Шарт шеңберінде алынған ақпаратты, техникалық құралды,

жабдықтар мен материалдарды беруге, пайдалануға және сақтауға байланысты барлық мәселелер жеке келісіммен белгіленеді.

14-бап

Бақыланатын жеткізілімдер

Айналысы арнайы ережелермен реттелетін заттардың, құралдардың

және мүліктердің заңсыз айналымына қатысушы тұлғаларды анықтау мен қылмыстық қудалау мақсатында Тараптар қажетті жағдайларда ұлттық заңдарына және өздерінің мүмкіндіктеріне сәйкес, оның ішінде кез келген үшінші Тараппен уағдаластығы бойынша, осындай заттардың, құралдардың және мүліктердің бақыланатын жеткізілімі әдісін тиісті түрде пайдаланатын болады.

15-бап

Зардап шегушілердің, куәгерлердің және сарапшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Тараптар өздерінің ұлттық заңдарының негізінде тиісті жағдайларда айғақтары мен іс-әрекеті террорлық қызметтің, сондай-ақ экстремистік, ұлтаралық ұйымдасқан қылмыстық топтардың қызметтерінің алдын алуда немесе олардың жолын кесуде не қылмыстық істерді тергеуде немесе сотта қарауда зор маңызы болатын немесе болуы мүмкін адамдардың, ал қажет болған жағдайда олардың жақын туысқандарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде келісілген шараларды өзара құрмет тұту негізінде жүзеге асыратын болады.

16-бап

Шығыстар

1. Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмеген болса, осы Шарттың орындалуы барысында туындайтын шығыстарды Тараптар дербес түрде көтереді.

2. Тараптар, қажет болған жағдайда, осы Шарттың шеңберінде терроризмге, саяси және діни экстремизмге, ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресте нақты міндеттерді шешу үшін бір біріне қажетті қайтарымсыз көмек, оның ішінде жабдықтармен және материалдармен көмек көрсетеді.

17-бап

Зиянды өтеу

1. Егер бұл қабылдаушы Тараптың аумағында осы Шартты іске асырудың міндеттерін орындау кезінде болған болса, қабылдаушы Тарап жіберуші Тараптың орталық құзыретті органдары өкілдерінің жарақаттануы немесе қайтыс болуына байланысты шығыстарды өзіне алады.

2. Егер жіберуші Тараптың орталық құзыретті органының өкілі осы Шартты іске асыруға байланысты міндеттерді орындау кезінде қабылдаушы Тараптың аумағында заңды немесе жеке тұлғаға зиян келтіретін болса, қабылдаушы Тарап өзінің азаматтары зиян келтірген жағдайда қолданылатын

заңдарға сәйкес зиянды өтейді.

3. Жіберуші Тараптың орталық құзыретті органы өкілінің қасақана немесе өрескел ұқыпсыздығына байланысты келтірген зияны жіберуші Тараптың өтеуіне жатады.

18-бап

Ынтымақтастықтың тілі

Осы Шарт шеңберіндегі ынтымақтастықтың тілі орыс тілі болып табылады.

19-бап

Басқа да уағдаластықтар

Осы Шартты іске асыру мақсатында Тараптардың мүдделі орталық құзыретті органдары жеке келісімдер жасасуы мүмкін.

20-бап

Консультациялар мен келіссөздер

Тараптардың немесе Тараптардың орталық құзыретті органдарының өкілдері қажет болған жағдайда осы Шарттың шеңберіндегі ынтымақтастықты нығайту және оның тиімділігін арттыру мәселелерін қарау мақсатында жұмыс барысындағы кездесулер, консультациялар мен келіссөздер өткізетін болады.

21-бап

Басқа халықаралық шарттарға қатынасы

Осы Шарттың ережелері олар қатысушылары болып табылатын Тараптардың басқа да халықаралық шарттар бойынша құқықтары мен міндеттеріне ықпал етпейді.

22-бап

Дауларды реттеу

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру мен қолдануға байланысты барлық даулы мәселелер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешілетін болады.

23-бап

Өзгерістер мен толықтырулар

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Шарттың 24-бабының ережелеріне сәйкес күшіне енгеннен кейін оның ажырамас бөліктері болып табылады.

24-бап

Осы Шарттың күшіне енуі, қолданылу мерзімі және қолданысын тоқтатуы

1. Осы Шарт бекітілуге жатады, депозитарий үшінші бекіту грамотасын алған күннен бастап күшіне енеді және он жыл қолданыста болады. Егер Тараптар өзгеше шешім қабылдаса, оның қолданысы келесі онжылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылатын болады.

2. Әрбір Тарап депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шартқа өзінің қатысуын тоқтата алады. Мұндай Тарап үшін осы Шарттың қолданысы депозитарий аталған хабарламаны алған күннен бастап алты ай өткеннен соң тоқтатылады, депозитарий бұл туралы басқа Тараптарға бір ай мерзімде хабарлайтын болады.

3. Осы Шарттың қолданысының тоқтатылуы, егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, басталған, бірақ осы Шарттың қолданысы тоқтатылғанға дейін бітпесе де, оған сәйкес жүзеге асырылатын іс-шараға ықпал етпейді.

4. Осы Шартты мүдделі Тараптар оған қол қойған күннен бастап

уақытша қолданатын болады.

Ташкент қаласында 2000 жылғы 21 сәуірде орыс тілінде бір дана болып жасалды.

Түпнұсқа дана Орталық Азиялық Экономикалық Қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің Атқарушы комитетінде сақталады, ол әрбір қатысушы мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Қазақстан	Қырғыз	Тәжікстан	Өзбекстан
Республикасы	Республикасы	Республикасы	Республикасы
үшін	үшін	үшін	үшін

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.